

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Жакупова Алтынай Жұмабекқызының 6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіті күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>А.Ж. Жакупованың «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мемлекеттік және ғылыми сұраныстан туындағанын айқын көруге болады. Қазақстан Республикасының бірқатар заңдық құжаттары мен мемлекеттік бағдарламалары: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Білім туралы Заңы, 2050 даму стратегиясы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларымен сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексында адам мен табиғаттың өзара іс-қимылы (экологиялық қатынастар) саласында жеке тұлғалардың қоршаған ортаға әсер ететінін, Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануда, жануарлар дүниесін қорғауда табиғи ресурстарды қорғау қажеттілігіне байланысты диссертациялық зерттеуде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың теориялық негіздерін айқындау мен экологиялық құзыретті болашақ мектепке дейінгі ұйым педогогінің кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың мәні мен мазмұнын нақтылауда міндеттері дұрыс қойылған. Осыған орай, А.Ж. Жакупованың</p>

			диссертациялық зерттеу жұмысы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің практикалық тәжірибеге бейім, кәсіби іскерліктері мен дағдыларын дамыту аталған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық бағыттарының міндеттерімен үйлеседі.
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмері);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>А.Ж. Жакупованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкімет жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D012-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы (6D010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды? Ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған</p>	<p>Зерттеу жұмысы мектепке дейінгі білім беру ғылымының дамуына елеулі үлес қосып, әлемдік тұрақты даму талаптарына сай болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың мазмұны мен әдістемесінің жеткілікті дәрежеде жасалмағандығын дәлелдей отырып, «адам-қоғам-табиғат» экожүйесіндегі үйлесімді қарым-қатынас дағдылары мен бәсекеге қабілетті маман даярлауға септігін тигізу тұрғысынан педагогикалық білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түседі. Оны біріншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым</p>

			<p>педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалуы арқылы; екіншіден, зерттеу мәселесіне байланысты «экологиялық құзыреттілік» ұғымының мәні мен құрылымының нақтыланып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігінің анықтамасын беруі арқылы; үшіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту мүмкіндіктерінің негізделуі арқылы; төртіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттарының айқындалуы арқылы; бесіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау арқылы; алтыншыдан, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің әдістемелік жүйесі жасалып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық сауаттылығы, экологиялық мәдениеті мен экологиялық қызметке даярлығын дамыту аясында жүргізілетін зерттеулер арқылы диссертация теориялық құндылыққа ие және педагогикадағы ғылыми маңыздылығын ашып, елеулі үлесін қосады.</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:  1) жоғары;  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған</p>	<p>Докторант А.Ж. Жакупова диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін толықтай ұстанған, орындалған зерттеу жұмысы дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәліметтерді ұсынуда ғылымилық, жүйелілік, бірізділік принциптерін де сақтаған. Барлық талданған мәліметтер түсінікті тілде</p>

			баяндалған, мазмұнын ұсынуда құрылымдық тұрғыдан талаптарға сәйкес берілген және ішкі бірлікті үйлестіре отырып жазылуы, диссертанттың дербес ғылыми стилінің жоғары деңгейі көрінеді.
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>негізделген;</u></li> <li>2) жартылай негізделген</li> <li>3) негізделмеген</li> </ol>	<p>Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі мемлекеттік, ғылыми және тәжірибелік сұраныстарды талдай отырып, әлемдік деңгейде экологиялық сауаттылықты қалыптастыруға деген қажеттілік; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттіліктерін дамытуда мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім мен тәрбие беруге даярлауға деген кәсіби қажеттілік, кәсіби жоғары білім беру жүйесінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігін дамытуға бағытталған арнайы дайындыққа бағытталған кешенді жұмыстардың орындалуын қажет етеді. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігін дамыту мәселесін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу және оны жүзеге асырудың мүмкіндіктерін, әдістемесін қарастыру экологиялық құзыретті маман тұлғасын даярлаудың басты алғы шарты болып табылады. Демек, А.Ж. Жакупованың диссертациялық жұмысының өзектілігі негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>айқындайды;</u></li> <li>2) жартылай айқындайды</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды, мазмұны тараулар мен тармақтарына сәйкес келеді. Диссертация мазмұны логикалық тұрғыдан бірізді қарастырылған және кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім 3 бөлімшеден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс әдіснамалық, теориялық</p>

			тұжырымдарға негізделген. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді деуге толық негіз бар. Өйткені зерттеу жұмысының мақсаты: болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу, педагогикалық шарттарын айқындап және тәжірибелік-эксперименттен өткізуді көздейді. Ал зерттеу міндеттері зерттеудің мақсатына сәйкес қойылған: мектепке дейінгі ұйым педагогінің «экологиялық құзыреттілік» ұғымын нақтылау; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуды теориялық-әдіснамалық негіздеу; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттарын анықтау; мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың әдістемесін жасап, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттен өткізумен сәйкес келеді.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан 1) <u>толық байланысқан</u> 2) жартылай байланысқан 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдерінің құрылымы қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық бірізділікпен толық, әрі дұрыс байланысқан деген тұжырым жасауға болады. Себебі, диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен,

			<p>зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Бірінші бөлім мәселенің теориялық негізі мен мүмкіндіктерін талдап көрсетсе, екінші бөлім әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдарды, педагогикалық шарттарын тұжырымдай отырып, құрылымдық-мазмұндық модельді жасақтап, оны тәжірибеде тиімділігін тексеруге мүмкіндігін берген. Сондықтан жұмысты логикалық бірізді аяқталған бірлік ретінде қарауға болады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар;</u></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертацияны орындау барысында алынған жаңа шешімдер басты мақсатқа негізделгендіктен және теориялық негіздеуді қажет ететін болғандықтан, жұмыс алынған міндеттерге орай жазылып, ондағы шешімдер мен қағидалар салыстырмалы талдау арқылы алынған. Сондықтан, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағалана отырып, құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған. Әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар, ғылыми қағидалар нәтиженің шынайылығын қамтамасыз етеді.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</li> <li>3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</li> </ol>	<p>Докторант А.Ж. Жакупованың жұмысы зерттеу барысында алынған міндеттер, қағидалар ғылыми жаңалық болып табылады. Себебі, қарастырылып отырған экологиялық мәселенің өзі тек Қазақстанда емес. әлемдік деңгейдегі қарастырылып отырған өзекті мәселе.</p> <p>Бірінші нәтиже - жаңа. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілік ұғымын нақтылануы, «экологиялық құзыреттілік» ұғымының мәні мен құрылымы, мазмұнының нақтылануы, болашақ мектепке дейінгі ұйым</p>

			<p>педагогінің экологиялық құзыреттілігіне анықтаманың берілуі жаңа екендігін толығымен аңғартады. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негізі жүйелілік, синергетикалық, аксиологиялық және тұлғалық іс-әрекеттік тұғырлары негізделген. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген екінші нәтиже де – жаңа, өйткені болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуда - маманның өзін-өзі табысты жүзеге асыруын тиімді пайдалану қажеттілігін сипаттайтын мүмкіндіктері мен педагогикалық шарттары айқындалған.</p> <p>Үшінші нәтиже жаңа, себебі, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі - компоненттері, үш деңгейі анықталып, оны анықтау критерийлері мен көрсеткіштері берілген, өзара тығыз байланыста жүзеге асатын тұтастық құрылым ретінде дайындалған.</p> <p>Төртінші нәтиже - жаңа. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту әдістемесі («Мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігі» элективті курс бағдарламасы, «Экологиялық құзыреттілік» оқу-әдістемелік құралы) дайындалып, оның тәжірибеге енгізілуі зерттеудің практикалық жаңалығы болып саналады.</p>
		<p>5.2 диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылама? 1) <u>толығымен жана</u></p>	<p>Кез-келген қорытынды талдаулар, салыстыруларға және теориялық қағидалар мен ұстанымдарға негізделетінін ескерсек А.Ж.</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>Жакупованың зерттеу жұмысының қорытындыларын толығымен жаңа деп айтуға негіз бар. Себебі, барлық міндеттер бойынша жасалған қорытындыларды әдіснамалық, теориялық, тәжірибелік талдауға негізделген, әрі шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне, нақты деректерге сілтеме жасай отырып жазылған деп бағалаймын.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>Автордың ұсынған болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту тақырыбындағы зерттеу мәселесінің кәсіби білім беру үдерісінің ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p>
6	Негізгі қортындылардың негізділігі	<p>Барлық қортындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің тұжырымдалған нәтижелердің негізі бар және шынайы деп қарауға болады. Себебі, зерттеудің әдіснамалық негіздері мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамалық құжаттарға және ғылыми теорияларға негізделуімен және қарастырып отырған ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін нақтылаумен орындалған. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту бойынша әртүрлі әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етілуі нәтижелердің нанымды және дәйекті екендігіне негіз болады.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u></p>	<p><i>Қағидалар толығымен дәлелденді.</i> Себебі, ұсынылып отырған тұжырымдар алынған мақсат пен міндеттерден туындаған жұмыстың теориялық және тәжірибелік ұстанымдылығын</p>



		<p>2) шамамен дәлелденді  3) шамамен дәлелденбеді  4) дәлелденбеді  7.2 Тривиалды ма?  1) ия  2) <u>жөк</u>  7.3 Жаңа ма?  1) <u>ия</u>  2) жөк  7.4 Қолдану деңгейі  1) тар  2) орташа  3) <u>кең</u>  7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) <u>ия</u>  2) жөк</p>	<p>аңғартады.  <i>Жұмыс тривиалды емес. Себебі, барлық жаңалықтар теория мен практиканың арасындағы байланысты талдай отырып тұжырым жасалғандығымен дәлелденеді.</i>  <i>Қағидалар жаңа деп тұжырым жасауға болады.</i>  Бірінші қағида бойынша болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігі мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім беру міндеттерін шешудегі интеграцияланған кәсіби-тұлғалық қабілеті мен экологиялық құндылықты бағдарланған жеке басының көрсеткіші екендігі болашақ маманның экологиялық сауаттылығымен, экологиялық мәдениеттілігімен және экологиялық қызметке даярлығы екендігін негіздеумен дәлелденген.  Диссертациялық жұмыс бойынша екінші қағида бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары: өздігінен экологиялық білім алуға ұмтылысы, кәсіби қызметінің ерекшелігіне дайындығы, зерттеушілік іс-әрекетте өзін-өзі дамытуын сипаттау арқылы қағида дәлелденген.  Қорғауға шығарылған үшінші қағида бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылып, дайындалды. Ол өзара байланысқан жүйелілік, синергетикалық, аксиологиялық, іс-әрекетті тұлғалық тұғырларды қамти отырып, когнитивті-мазмұндық, құндылықты-мотивациялық, іс-әрекетті-практикалық тұрғыдан стандартты емес экологиялық</p>
--	--	--	---

			<p>білім беру жағдайында ізденіске даярлайтын өзара байланысқан жиынтық ретінде, жоғары экологиялық мәдениетті және саналы жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Модель болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуда, кәсіби білім беру үдерісінде теориялық және практикалық міндеттерді шешудегі әрекеттерін жаңартуда басшылыққа алатын ғылыми негізделген.</p> <p>Төртінші қағида бойынша болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту мақсатындағы педагогикалық үдерісте: «Экологиялық құзыреттілік» оқу-әдістемелік кұралы, «Мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігі» элективті курс бағдарламасын енгізуімен іске асырылумен қағида дәлелденген.</p> <p><i>Диссертациялық жұмыстың қолданылу деңгейі кең.</i> Өйткені зерттеу нәтижесінде нақтыланған жаңа ұғымдар, түсініктер мен қағидалар жоғары кәсіби білім беру үдерісінде пайдаланылады.</p> <p><i>Иә, мақалаларда дәлелденген.</i> Зерттеудің негізгі нәтижелері докторанттың 13 ғылыми еңбегінде жарияланды, оның ішінде 1-Scopus ақпараттық базасына кіретін жуналдарда, 3-БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдардағы журналдар, 5-халықаралық конференция материалында, 4-шетелдік конференция материалдары жинағында жарияланған. Сонымен қатар, элективті курс бағдарламасы, оқу-әдістемелік кұрал жарық көрген.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған	Диссертациялық жұмыс мәселесі зерттеуге қажетті әдіснаманың жүйелілік, синергетикалық,

ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) <u>ия</u> 2) жоқ	аксиологиялық, іс-әрекеттік тұғырлары мен дидактикалық тұтастық, ұйымдастырушылық (дамытушылық), гуманистік, табиғатпен үйлесімділік ұстанымдарына негізделген. Сонымен қатар, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың мүмкіндіктері мен педагогикалық шарттарын алғашқы рет негіздеп отыр. Экологиялық құзыретті тұлғаның қалыптасып дамуына қатысты психологиялық, педагогикалық еңбектердегі басшылыққа алуымен негізделеді.
	8.2 диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> 2) жоқ	Докторант А.Ж. Жакупова болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Оған дәлел сауалнама, тестілеу зерттеу бойынша алынған нәтижелерді өңдеудің SPSS математикалық-статистикалық әдістерін қолданып, тиісті ғылыми нәтижелерге қол жеткізуі.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді) 1) <u>ия</u> 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған мүмкіндіктер мен педагогикалық шарттардың өзара байланысы, әдіснамалық заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Эксперименттік жұмыс Абай атындағы қазақ Ұлттық педагогикалық университеті және Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 107 студенті қатысып, оның 56-сы эксперимент тобы, 51-і бақылау тобы болып бөлініп, жүргізілген.

			<p>Докторант эксперименттік зерттеу барысында А.С.Жданованың «Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеуге педагогтардың дайындығын өзіндік диагностикалауға арналған сауалнамасы», Т.И. Ильинаның «Жоғары оқу орындарында білім алу мотивациясы», В.И. Андреевтің «Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау әдістемесі» және «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін анықтауға арналған тест» авторлық әдістемелер пайдаланылған.</p>
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/расталмаған	<p>Диссертант жұмыс жазу барысында өте ауқымды зерттеулер жүргізгенін шетел және отандық әдебиеттердің кеңінен қолданылуы жұмыстың мазмұндылығын тереңдете түседі. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуда психологиялық, педагогикалық еңбектер, ҚР заңнамалық құжаттарындағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын өзекті және сенімді дереккөздер саны – 208.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар 1) ия 2) жоқ	<p>Зерттеу жұмысының теориялық тұрғыдан маңызы бар, себебі теориялық ұстанымдар мен тұжырымдар кең көлемде қолданылуға болатындығымен негізделеді және болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттіліктерін дамытуға септігін тигізеді: 1.Мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілік ұғымының мәні және құрылымы нақтыланған түрде</p>

			<p>ұсынылған және зерттеушінің өзіндік берген анықтамасымен толықтырылған;</p> <p>2.Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың мүмкіндіктері негізделген, әдіснамалық тұғырлардың жиынтығын жүйелей алған;</p> <p>3.Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың мүмкіндіктері айқындалып, педагогикалық шарттары анықталған;</p> <p>4.Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың компоненттерін, көрсеткіштерін, әдістері мен құралдарын анықтап, құрылымдық-мазмұндық модельді жасауы;</p> <p>5.Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың әдістемесі жасалып, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттен өткізіліп, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалғандығы да теориялық маңыздылығын көрсетеді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары</p> <p>1) ия</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңыздылығы бар, себебі болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту моделі жасалып, апробациядан өткізілген.</p> <p>«Мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігі» элективті курс бағдарламасы, «Экологиялық құзыреттілік» оқу-әдістемелік құралы, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы аясында «Экологист» экоклуб жұмыс жоспары дайындалған.</p> <p>Зерттеудің практикалық нәтижелерін жоғары және арнаулы оқу орындары тәжірибесінде, тәрбиеші-педагогтердің біліктілігін арттыру</p>

			және қайта даярлау мекемелерінің білім беру үдерістерінде пайдалануға болады.
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстарды жаңа деп айтуға болады және болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту мақсатындағы практикалық ұсыныстар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- студенттердің экологиялық құзыреттілігін дамытуды өзекті мәселе ретінде танып, ЖОО-ның даму стратегиясын іске асыруда негізге алу қажет деп берілген ұсынысы толығымен жаңа болып табылады;</li> <li>- жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуды оқыту үдерісінде, кәсіби іс-әрекетті меңгертуде әдістемелік тұрғыда қарастырып оқытушылармен арнайы дайындықтар ұйымдастыру қажет деген ұсынысы толығымен жаңа;</li> <li>- зерттеу тақырыбы бойынша мектепке дейінгі ұйым мамандарының үздіксіз педагогикалық практикасында экологиялық құзыреттіліктерін дамытуды толыққанды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әдістемелік-дидактикалық ресурстық базасын құру деп қойылған ұсынысы толығымен жаңа.</li> </ul>
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u></p> <p>2) орташа</p> <p>3) орташадан төмен</p> <p>4) төмен</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың жазу сапасы жоғары. Себебі, экологиялық құзыреттілік ұғымының мәнін терең аша білген.</p> <p>Зерттеу жұмысының жоғарыда айтылған жетістіктермен қатар келесі кемшіліктері мен ұсыныстарды айтуға болады:</p> <p>1. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың маңызды құрамдас бөліктерінің</p>

			<p>бірі ретінде экологиялық эмпатия мазмұнын тереңірек аша түскен дұрыс болар еді.</p> <p>2. Диссертация мәтінінде кейбір орфографиялық, стилистикалық қателіктер кездеседі.</p> <p>Алайда, жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар зерттеу жұмысының жалпы мазмұнына нұқсан келтірмейді, жалпы нәтижелердің теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді.</p>
--	--	--	--

**Шешім:** А.Ж. Жакупованың 6D010100 – «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу» мамандығы бойынша «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің ережесіне толықтай сәйкес келетін жұмыс деп санаймын. Жакупова Алтынай Жұмабекқызының 6D010100 – «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.

Ресми рецензент, педагогика ғылымдарының кандидаты,  
 І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің  
 Педагогика және психология жоғары мектебі,  
 «Педагогика және психология» білім беру  
 бағдарламасының оқытушы-дәріскері



Ж.Р. Жексембаева

